

Бурабай ауданының Щучинск қаласының, елді мекендерінің жер учаскелеріне жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздарын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 5С-38/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 ақпанда № 4635 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 5С-51/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.01.2016 № 5С-51/3 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 31.03.2015 № 5С-41/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8 бабына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 387 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер), автомобильдерге жанармай құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

хатшысы

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
ХХХVІІІ (к е з е к т е н т ы с)*

Қ.Шаяхметов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

Ө.Бейсенов

КЕЛІСІЛДІ

Бурабай ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

Бурабай

аудандық

мәслихаттың

2015

жылғы

06

қаңтардағы

№

5С - 38 / 3

шешіміне

1 қосымша

Бурабай ауданының Щучинск қаласының жер учаскелеріне жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары

Аймақ №	Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары	Аймақтардың сипаттамасы
1	2	3
I	+50	Аймақ қаланың орталығында орналасқан. Келесі көшелермен шектелген оңтүстігінде Ломоносов көшесімен, батысында Пугачев көшесімен, шығысында Қылшақты өзенімен. Солтүстігінде XI аймақпен шектеседі. Аймақ қаланы орталығы болып табылады, оның тұрғын массиві абаттандырылған және жек тұрғын үйлерден тұрады. Бұл аймақтың басым бөлігінде әлеуметтік-мәден тұрмыстық объектілері шоғырланған, дүкендер, дәріханалар, дәмханалар мейрамханалар, қонақ үйлер, базар, мектеп, фотосалондар, мәдениет үйі, саябақ орналасқан, сондай-ақ мұнда әкімшілік ғимараттар – аудандық әкімдік, қалалық әкімдік, прокуратура, сот, әскери комиссариат, қазынашылық, мұрағат, халық банкінің филиалы орналасқан. Негізі және басты көшелері болып Әуезов көшесі мен Абылайхан көшесі табылады, осы көшелер мен оларға іргелес көшелер бойынша абаттандырылған үйлер орналасқан. Аймақ аумағының басым бөлігін жеке сектор алып отыр.
II	+40	Аймақ Щучинск қаласының орталығына жақын орналасқан. Оңтүстігінде Одесск көшесімен, солтүстігінде Ломоносов көшесімен және шығысында өзенмен шектеледі. Аймақ аумағында мектеп, стадион, отбасылық дәрігерлік амбулатория орналасқан. Абылайхан көшесі бойында абаттандырылған үйлер орналасқан. Әуезов көшесінде техникалық қызмет көрсету станциясы, көлік жуу, шағын маркет, дәмхан орналасқан. Аймақ сондай-ақ басым бөлігінде жеке сектормен қамтылған Инженерлік желілер мен коммуникациялар жартылай өткізілген.
III	+20	Аймақ оңтүстігінде Рабочая көшесімен, шығысында Пугачев және Снежна көшелерімен, солтүстігінде Одесская көшесімен және XIV аймақпен шектеледі батыс жағынан XIV аймақпен шектеседі. Аймақтың тұрғын массиві жеке секторда тұрады.
IV	+30	Аймақ V аймақтың солтүстік жағында орналасқан және сәйкесінше аймақты оңтүстік шекарасы темір жолмен өтеді. Батыс жағы айналу трассасымен шектелген солтүстігінен аймақ шекарасы Одесская көшесі және Рабочая көшесімен өтеді шығысында V аймақпен шектеседі. Аймақтың тұрғын секторының басым бөлігі жек үйлерден тұрады. Батыс жағының бір бөлігін өндірістік объектер алып жатыр.
		Аймақ Щучинск қаласының оңтүстік шетінде орналасқан, жеке сектордан тұратын аумақ болып табылады. Инженерлік желілер мен коммуникациялар жоқ. Өндірістік объектілерден аумақта ет комбинаты, «Газтехнология» жауапкершілігі шектеу.

V	+10	серіктестігі, мұнай базасы, электрподстанция орналасқан. Солтүстік және шығысында темір жолмен шектеледі, оңтүстік және батысында шекарасы Щучин қаласының шекарасына жетпейді және Астанаға барар трасса бойындағы жанармай құю станциялары аумаққа енбейді.
VI	+20	Аймақ қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан. Солтүстік және солтүстік-шығысында IX аймақпен және Синегорская көшесімен, шығыс және оңтүстік-шығысында Степан Разин және Пугачев көшелерімен, оңтүстік және оңтүстік-батысында Ломоносов көшесімен, батыс және солтүстік-батысында Светлая және Трудовая көшелерімен және өндірістік базаларға барар темір жолмен шектеледі. Аймақ негізгі бөлігінде жеке құрылыстан тұрады, өндірістік объектілер мен рекреациялық мәндегі объектілер де орналасқан.
VII	+30	Аймақ қаланың солтүстік-батыс шетінде орналасқан. Батыс және оңтүстік-батысында Көкшетау-Астана трассасымен, Осенняя көшесімен, солтүстік және солтүстік-шығысында темір жол бойындағы IX аймақпен, шығысында өндірістік базаларға барар темір жолмен, оңтүстігінде Амангелді көшесімен шектеледі. Аймақ өзінің негізгі бөлігінде жеке құрылыстан тұрады, сондай-ақ № орта мектеп, дүкендер, өндірістік ғимараттар, жанармай құю станциялары, газ құю станциясы орналасқан.
VIII	+10	Аймақ қаланың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстік, батыс және оңтүстік-батысында Щучинск қаласының әкімшілік шекарасымен, оңтүстік және шығысында Көкшетау-Астана трассасымен және жағалаудағы IX аймақпен шектеледі. Аймақ басым бөлігінде рекреациялық және сауықтыру мақсатындағы объектілерден тұрады, сондай-ақ жол бойындағы қызмет көрсету объектілері, өрт қарсы бөлімі, жанармай құю станциялары, газ құю станциялары орналасқан.
IX	+30	Аймақ қаланың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығысында Щучинск қаласының әкімшілік шекарасымен, оңтүстігінде Ботаническая, Профессиональная және Шоссейная көшелерімен, батысында шаңқ базасы мен гольфклубының аумағымен шектеледі. Аймақ жеке құрылыстан тұрады, сондай-ақ мектеп, дүкендер, қонақ үйлер, өндірістік объектілері орналасқан.
X	0	Аймақ қаланың шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстік және солтүстік-шығысында XII аймақпен, шығысынан XIII аймақпен және Бурабай кентіне айналып өт жолымен, оңтүстігінде V аймақпен, батысында I және II аймақтармен шектеледі. Аймақ дербес «Заречный» шағын ауданынан тұрады, құрылыстың басым бөлігі жеке. Инженерлік желілермен коммуникациялар жартылай өткізілген.
XI	+40	Аймақ Щучье көлінің жағалау аумағын алып жатыр. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің шекараларында орналасқан, оңтүстік-шығысында, оңтүстігінде және батысында I, VI, VII, VIII, IX аймақтарымен шектеледі. Аймақ рекреациялық және сауықтыру мақсатындағы объектілерінен тұрады, оған еркін экономикалық аймақ Щучинский» шипажайы, гольфклуб, «Қазақ орман шаруашылығының ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орналасқан.
XII	+10	Аймақ Щучинск қаласының шығысында орналасқан. Шығысында Щучинск қаланың әкімшілік шекарасымен, оңтүстік және оңтүстік-батысында X және XII аймақтарымен, батысында I аймақпен, солтүстік және солтүстік-батысында IX және XI аймақтарымен шектеледі. Аймақ аумағында орталық аудандық аурухана, шаңқ базасы, емхана, спорт мектебі, «Көкшетау орман селекциясы орталығы» Республикалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жерлері орналасқан.
XIII	-10	Аймақ қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Шығыс, оңтүстік және оңтүстік-батысында Щучинск қаласының әкімшілік шекарасы мен XV аймақпен, батысында, солтүстік және солтүстік-шығысында V, X және XII аймақтармен шектеледі. Аймақ саяжай кооперативтерінің объектілерінен тұрады. Инженерлік желілер мен коммуникациялар жоқ.

XIV	+10	Аймақ қаланың батыс бөлігінде орналасқан. Батысында Щучинск қаласыны әкімшілік шекарасымен, солтүстік және солтүстік-шығысында VI және VI аймақтармен, шығыс және оңтүстік-шығысында Светлая және Одесская көшеле бойындағы II және III аймақтармен, оңтүстігінде IV және XV аймақтармен шектеледі. Аймақ өндірістік объектілерінен тұрады. Басым бөлігінде жергілікті инженерлік желілер мен коммуникациялар жүргізілген.
XV	-10	Аймақ қаланың оңтүстік және оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Солтүстігінде Астана-Көкшетау трассасы мен бас жоспармен жобаланған автожол бойындағы XI V, XIII аймақтармен, шығысында, оңтүстік және батысында Щучинск қаланы әкімшілік шекарасымен шектеледі. Аймақ өндірістік объектілер мен ауылшаруашылық кәсіпорындарынан тұрады. Инженерлік желілер мен коммуникациялар жергілікті.

Бурабай аудандық мәслихаттың
2015 жылғы 06 қаңтардағы
№ 5С - 38 / 3 шешіміне
2 қосымша

Бурабай ауданының елді мекендерінің жер учаскелеріне жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 31.03.2015 № 5С-41/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Аймақ-тың №	Кадастрлық кварталдардың нөмірлері және елді мекендердің аталуы (округтер бойынша)	Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары
1	2	3
I	01-177-014, 015, 038 Бурабай кенті	+50
II	01-171-002 Кенесары ауылы (Кенесары ауылдық округі)	+50
III	01-171-010, 041 Қатаркөл ауылы (Қатаркөл ауылдық округі)	+50
IV	01-171-004, 042 Зеленый бор ауылы (Зеленобор ауылдық округі)	+50
V	01-171-001 Қызылағаш ауылы (Абылайхан ауылдық округі)	+50
VI	01-171-015 Оқжетпес ауылы (Бурабай кенті)	+50
VII	01-171-011 Атамекен ауылы (Атамекен ауылдық округі)	+40
VIII	01-171-003 Ақылбай ауылы (Абылайхан ауылдық округі)	+40
IX	01-171-004 Молбаза ауылы (Зеленобор ауылдық округі)	+40
X	01-171-012 Ұрымқай ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	+30
XI	01-171-008 Златополье ауылы (Златополье ауылдық округі)	+30
XII	01-171-010 Ключевое ауылы (Қатаркөл ауылдық округі)	+30
XIII	01-171-010 Сосновка ауылы (Қатаркөл ауылдық округі)	+30
XIV	01-171-015 Успенюрьева ауылы (Успенюрьево ауылдық округі)	+20

XV	01-171-005	Наурызбай батыр ауылы	+20
XVI	01-171-010	Вишневое ауылы (Қатаркөл ауылдық округі)	+20
XVII	01-171-004	Қымызынай ауылы (Зеленобор ауылдық округі)	+20
XVIII	01-171-014	Веденовка ауылы (Веденов ауылдық округі)	+10
XIX	01-171-011	Жасыл ауылы (Атамекен ауылдық округі)	+10
XX	01-171-006	Мәдениет ауылы (Зеленобор ауылдық округі)	+10
XXI	01-171-011	Қаражар ауылы (Атамекен ауылдық округі)	+10
XXII	01-171-007	Баянбай ауылы (Кенесары ауылдық округі)	+10
XXIII	01-171-037	Сарыбұлақ ауылы (Бурабай кенті)	+10
XXIV	01-171-003	Озерное ауылы (Абылайхан ауылдық округі)	0
XXV	01-171-008	Савинка ауылы (Златополье ауылдық округі)	0
XXVI	01-171-009	Қарашілік ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	0
XXVII	01-171-001	Жаңа Қарабауыр ауылы (Абылайхан ауылдық округі)	0
XXVIII	01-171-011	Жаңажол ауылы (Атамекен ауылдық округі)	-10
XXIX	01-171-009	Красный кордон ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-10
XXX	01-171-011	Жарқайың ауылы (Атамекен ауылдық округі)	-10
XXXI	01-171-008	Сотниковка ауылы (Златополье ауылдық округі)	-10
XXXII	01-171-011	Шиелі ауылы (Атамекен ауылдық округі)	-10
XXXIII	01-171-007	Брусилровка ауылы (Кенесары ауылдық округі)	-10
XXXIV	01-171-012	Дмитриевка ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-10
XXXV	01-171-009	Көрнекті ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-10
XXXVI	01-171-006	Жаңаталап ауылы (Зеленобор ауылдық округі)	-20
XXXVII	01-171-013	Первомай ауылы (Златополье ауылдық округі)	-20
XXXVIII	01-171-013	Лесной хутор ауылы (Златополье ауылдық округі)	-20
XXXIX	01-171-013	Түлкілі ауылы (Златополье ауылдық округі)	-20
XL	01-171-012	Күлстан ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-20
XLI	01-171-012	Ынталы ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-20
XLII	01-171-012	Кіндікқарағай ауылы (Ұрымқай ауылдық округі)	-20
XLIII	01-171-016	Николаевка ауылы (Успеноюрьев ауылдық округі)	-20
XLIV	01-171-015	Үлгіалған ауылы (Успеноюрьев ауылдық округі)	-30
XLV	01-171-015	Клинцы ауылы (Успеноюрьев ауылдық округі)	-30
XLVI	01-171-016	Райгородок ауылы (Успеноюрьев ауылдық округі)	-30
XLVII	01-171-013	Новоандреевка ауылы (Златополье ауылдық округі)	-30
XLVIII	01-711-015	Қарағай ауылы (Успеноюрьев ауылдық округі)	-30
XLIX	01-171-014	Жаңатуған ауылы (Веденов ауылдық округі)	-40
L	01-171-016	Қарабұлақ ауылы (Веденов ауылдық округі)	-40
LI	01-171-014	Федосеевка ауылы (Веденов ауылдық округі)	-50

Бурабай

аудандық

мәслихаттың

2015

жылғы

06

қаңтардағы

№

5С - 38 / 3

шешіміне

3 қосымша

Бурабай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) пайыздары

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 31.03.2015 № 5С-41/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК